

## **2020-2022 жылдардағы Шымкент қаласының кәсіподақ ұйымындағы ақпараттық жұмыстың жағдайы туралы АҚПАРАТ**

Сала қызметкерлері кәсіподағының XIV Съезіндегі нұсқаулықтарға сәйкес «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымы (бұдан әрі – Шымкент қалалық кәсіподақ комитеті)» ҚБ қызметінің басым бағыттарының бірі ақпараттық-насихаттық жұмыстары болып табылады.

Бұл бағыттағы жұмыстың әртүрлі нысандары мен әдістері, сондай-ақ жетекші халықаралық кәсіподақтардың озық тәжірибелері кеңінен қолданылады.

2019 жылдың қаңтар айында өткен қалалық кәсіподақ комитетінің кезекті Пленумында мүшелік ұйымдардағы ақпараттық жұмыстың жай-күйі қаралды. Пленумның қаулысымен «2019-2023 жылдарға арналған ақпараттық қызметті дамыту бағдарламасы» қабылданды. Негізгі мақсат - Шымкент қалалық кәсіподақ комитетінің белгілі бір кезеңдегі ақпараттық саясатын жүзеге асыру.

Ақпараттық саясат Шымкент қалалық комитетінің пайдасына тұрақты оң ақпарат ағынын ұйымдастыруға, сондай-ақ қала педагогтарының мүдделерін жан-жақты қолдауға және қорғау бойынша ұйым ретінде оның беделін нығайтуға бағытталған.

«Ақпараттық қызметті дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған бағдарламасын» іске асырудың есепті кезеңінде келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

Барлық оқу орындарында *ақпараттық-насихат жұмыстарына жауапты кәсіподақ комитеттерінің мүшелері бар (82 адам).*

Шымкент қалалық кәсіподақ комитеті жанынан *ақпараттық жұмыс жөніндегі комиссия (7 адам) құрылып, белсенді жұмыс істеуде.*

Қалалық комитеттің әрбір мүшелік ұйымында кәсіподақ бюджетінің шығыстар сметасында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізуге мақсатты қаражаттар бөлінген.

Кәсіподақ белсенділерінің жиналыстарында, атқару комитеттерінде, пленумдарда, форумдарда *«Ақпараттық-насихат жұмыстарының жай-күйі туралы»* мәселе үнемі талқыланып отырады. *Алқалы органдарда мәселелер қаралды: 7 – атқару комитеттерінде, 3 – кәсіподақ белсенділерінің жиналыстарында, кәсіподақ комитеттері мен қалалық комитетінің комиссияларының отырыстарында жарты жылда бір рет:*

- «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымындағы және бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы ақпараттық жұмыстың жағдайы және одан әрі жетілдіру шаралары туралы»;

- «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымының әлеуметтік әріптестік

аясындағы позициясы және Шымкент қалалық кәсіподақ комитетінің қала өміріндегі имидждік ұстанымы туралы»;

- «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымының бірыңғай тізілімі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін әзірлеу туралы» және т.б.

Жыл сайын жарты жылда бір рет кәсіподақ комитеттерінің төрағалары және білім беру ұйымдарында ақпараттық-насихат жұмыстарына жауапты тұлғалармен жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық жұмыстың нысандары мен әдістеріне оқыту ұйымдастырылады. Осылайша, есепті кезеңде келесі тақырыптар бойынша 6 семинар өткізілді:

1) бастауыш кәсіподақ ұйымдарының ақпараттық жұмысын ұйымдастыру;

2) Кәсіподақ ақпараты: Ақпараттық жұмыс нысандары;

3) Кәсіподақ комитетінің ақпараттық жұмысы: Ақпараттық кәсіподақ тақтасын қалай дұрыс ұйымдастыру керек;

4) Кәсіподақ қызметінде цифрлық технологияларды пайдалану;

5) Кәсіподақ комитетінің ақпараттық жұмысы: Әлеуметтік желілерде тиімді болуы;

6) Тиімді ақпараттық жұмыс - кәсіподақ ұйымын нығайту құралы.

Кәсіподақ ұйымдарындағы ақпараттық-насихат жұмыстарының мәселелері бойынша келесі *әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар* әзірленіп, таратылды: 1. «Кәсіподақ ұйымдарында ақпараттық жұмысты ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқаулар»; 2. «Ақпараттық қызметті дамытудың 2019 - 2023 жылдарға арналған бағдарламасы»; 3. «Кәсіподақ комитетінің ақпараттық жұмысы: Бастауыш кәсіподақ ұйымдарының кәсіподақ белсенділеріне арналған нұсқаулық»; 4. «Ақпараттық кәсіподақ тақтасын қалай ұйымдастыру керек» және т.б.

Жыл сайын педагогикалық және кәсіподақ бағытындағы *«Білімді ел – Образованная страна»*, *«Қазақстан кәсіподағы»* баспа басылымдарына жазылу жүргізіледі: 2020 жылы – 20 дана 60 000 теңге, 2021 жылы – 40 дана 163 520 теңге, 2022 жылы – 50 дана 165 980 теңге. Кәсіподақ ардагерлеріне «Білімді ел» газетіне 2020 жылға тегін жазылу үшін 5 сертификат табыс етілді.

*«Кәсіподақ белсенділерінің кітапханасы»* құрылды. Кітапханада салалық кәсіподақ жұмысында пайдалануға ұсынылған басылымдар, кәсіподақтың Шымкент қалалық комитетінің мамандары әзірлеген басылымдар да бар. Материалдардың электрондық нұсқалары бар, олар кәсіподақ комитеттерінің төрағалары арасында таратылады. Жаңадан сайланған кәсіподақ комитеттерінің төрағалары әдістемелік нұсқаулықтарды міндетті түрде алады.

Шымкент қалалық комитеті мен кәсіподақ комитеттері *барлық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарымен* тығыз байланыста. Есепті кезеңде кәсіподақ қызметі туралы ақпараттар *«Южный Казахстан»*, *«Оңтүстік Қазақстан»*, *«Рабат»*, *«Шымкент келбеті»*, *«Панорама*

*Шымкента», «Қазақстан кәсіподағы», «Білімді ел» газеттерінің беттерінде, SalemShymkent (salem\_shym\_kz) сайтында жарыққа шықты.*

Ақпараттық жұмыстар *WhatsApp* мессенджерінде бастауыш ұйым төрағаларының жұмыс топтары, қалалық кәсіподақ комитетінің мүше ұйымдарының ресми *электронды поштасы* арқылы жүргізілуде. Сондай-ақ, кәсіподақ комитеттерінің төрағалары *Кәсіподақтың Орталық комитетінің, ҚР Кәсіподақтар федерациясының ресми сайты, «Bilim kasipodagy»* мобильді қосымшасын пайдаланады.

Бастауыш ұйымдар мен кәсіподақ мүшелерінің пайдалануы үшін бірыңғай ақпараттық банк, бейне кітапхана, фото кітапхана құрылды.

Әрбір ұйым *ақпараттық кәсіподақ тақталарын* әзірлеп, орналастырды.

*Кәсіподақ мүшелігін автоматтандырылған тіркеу* элементтері Шымкент қалалық комитетінің тәжірибесіне кезең-кезеңімен енгізілуде.

Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық комитетінің 2023 жылға арналған ақпараттық-насихат жұмыстарын дамытудың міндеттері мыналар болып табылады:

1) Жалпы, орта арнаулы және жоғары білім беретін оқу орындарында «кәсіподақ сабақтарын» өткізу.

2) Кәсіподақтың Шымкент қалалық комитетінің бастауыш ұйымдарында ақпараттық-насихат жұмыстарын жүргізуді мекеменің кәсіподақ бюджетінен кемінде 5 % мөлшерінде қаржыландыруды қамтамасыз ету.

3) Электрондық дереккөздерді пайдалану арқылы ақпарат өрісін кеңейту. Facebook, Instagram, TikTok, Telegram желілерінде Шымкент қалалық кәсіподақ комитетінің ресми аккаунттарын құру.

4) Кәсіподақтың Орталық комитетінің сайтында және әлеуметтік желілерде жарияланымдар санын көбейту.

5) «Қазақстан кәсіподағы», «Білімді ел» газеттеріне жазылуды 100 адамға кемінде 1 данаға көбейту.

**Шымкент қалалық  
кәсіподақ ұйымының төрағасы**

**Л. Тургинбаева**